

Т.Айтжанов атындағы жалпы білім беретін мектебінің 2024 -2025 оқу жылында педагог-психологтың жүргізген жұмыстары туралы есебі .

Мектептегі психолог өз жұмысында әрбір оқушының жан-жақты білімді, білікті және тәрбиеленген тұлға болып жетілуіне әсер ететін барлық жағдайларды қарастырады. Педагогикалық ұжыммен, жас мұғалімдермен, ата-аналармен ағарту жұмыстарын жүргізіп, кеңестер береді.

Өзекті мәселесі : Жеке тұлғаны қалыптастыруға және қабілетін дамытуға қажетті психологиялық-әлеуметтік ортаның қалыптасуына ықпал ету.

Мақсаты : Оқушылардың жеке және жас ерекшеліктерін анықтау. Оқушылардың психикалық және тұлғалық дамуындағы ауытқушылықтарды болдырмау, жалпы оқу дағдысы мен біліктілікті дамыту. Педагогикалық үрдістердегі қатысушыларға мәселелерді шешуге көмектесу, психологиялық мәдениетін көтеру.

Міндеті :

- Өмірге икемді, алдағы атқаратын істерді толық сезе білетін, өмірде көзқарасы қажетті дәрежеде таныта алатын тұлғаны тәрбиелеу;
- Ұжымда жағымды психологиялық хал-ахуалдың болуына әсер ету, жекеленген ауытқушылықтардың алдын алу;
- Оқушылардың өзін-өзі тәрбиелеу, өз бетімен білім-біліктілікті дамыту қабілеттерін қалыптастыру;
- Оқудың әртүрлі кезеңдерінде оқушылардың психологиялық дамуын зерттеу;
- Мұғалімдер мен оқушылардың, ата-аналардың қарым-қатынасын реттеу.

Мектеп оқушыларының әрқайсысына жеке диагностикалық карта құрылып, жеке картада оқушы туралы жалпы деректер, отбасы, денсаулық жағдайы, оқушылардың арасындағы беделі, шығармашылық қабілетінің даму деңгейі анықталып, тиісті жұмыстар жүргізілді.

1а, 1ә, 1б, 1в сынып оқушыларымен жүргізілген


жұмыстар.

Биылғы оқу жылында бірінші сыныптарға 67 оқушы келді. Мектептегі оқуға дайындық деңгейін анықтауда Керн-Йирасек тест алынды. Бұл тест үш тапсырмадан тұрады: еске байланысты ер адамның тұлғасын салу, жазба әріптерін салу, көшіру, нүктелер тобын салу. Баланың мектепке қажетті функциялары қаншалықты қалыптасқанын анықтау, сөйлеу, ақыл-ой дамуы, оқу тапсырманы орындау қабілеттері, бейнелеу дағдылары жақсы бағалды.

1 а, ә, б, в сынып оқушыларымен таным процестерін зерттеуде «Қиынсыздықтар» әдістемесі, Баланың ақыл-ойын даму деңгейін анықтауда «Мұнара құру», «Не артық?», сурет бойынша әңгіме құрауда «Айырмашылықты тап», «Жағымды қасиеттерді анықтау» әдістемелері алынды. «Сикырлы таяқша», «Бет-әлпетті демалдыру», «Понтомимика», «Қолмен билеу» ойын-жаттығулар жүргізілді. Нәтижесінде


1 а, ә, б, в сынып оқушыларының мектепке бейімделуі жақсы деңгейде болды. Түзету-дамытуды қажет ететін 1-сынып оқушыларымен қол қимылдарының және қол буындарының қимылын дамытуда «Допты ұста», «Саусақ санау», «Бірдей фигура тап және боя», «Бүтін және бөлшек» ойын-жаттығулар жүргізілді. Зейінді дамытуда «Графикалық диктант», көру арқылы қабылдауда «Үлкен, кіші», оқушының сенсорикасын дамытуда түсті көру арқылы салыстыру және топтау, ажыратуда «Есте сақта және боя» әдістемелері, «Мен байқампаздыққа үйренемін» сөйлеу, есту қабілеттерін дамытуда ми гимнастикасы, ойын-жаттығулар жүргізілді.

0 а, ә, б, в сыныптармен қабылдау процесін дамытуда «Суреттерде қандай заттар жасырылған?», «Мұнда не артық?», «Не жетіспейді?» әдістемелері және «Зоопарк», «Қапта не бар?», «Көңіл-күйімізді көтеру» ойын-жаттығулар, тренингтер жүргізілді. Көрнекі амалдық ойлауын бағалауда «Пішіндерді қиып ал»; оқушылардың қысқа мерзімде есте сақтауын анықтауда «Не өзгерді?», «Сурет бойынша әңгіме құра» әдістемелер, ойын-жаттығу, тренингтер жүргізілді. 0-1 «а», «ә» сыныптың ата-аналарынан «Сіз қандай тәрбиешісіз?» тақырыбында сауалнама, кеңестер берілді.



2-3 а, ә сынып оқушыларының оқу мотивациясын тексеру мақсатында «Маған мектепте не ұнайды?» Н.Г. Лусканов сауалнама, зейінді дамыту және түзетуде «Графикалық диктант», көріп және естіп есте сақтау қабілетін, зейінін анықтауда «Әріптерді жаз», «Суреттегі жасырынған заттар», «Айырмашылықты тап» ойын-жаттығулар, тренингтер жүргізілді. Оқушының отбасымен қарым-қатынасын анықтауда «Менің отбасым» тақырыбында суретті тест алынып, нәтижесінде отбасына деген сыйластық, сүйіспеншілік бар екендігі анықталды. «Өмір ғажап!» суретті

тесте оқушының жан дүниесін байыту арқылы адамгершілікке жетелеуде жақсы қасиеттерін, айналасына деген сүйіспеншілігін, өмірге деген құштарлығын, өз таңдауымен отбасын, құрбы құрдастарын, табиғатты бейнелеуде өз ойларын сурет арқылы жақсы жағынан көрсетті. Адамның эго күшінің диагностикасына, оның жағымсыз жағдайларға қарсы тұру қабілетіне, балаға өзінің ішкі дүниесін көрсетуіне және өзін түсінуіне ықпал жасауда «Менің сыныбым», «Жаңбыр астындағы адам» әдістемесі, «Топ-топ», «Кім екені тап?» ойын-жаттығу, тренингтер жүргізілді. Нәтижесі бойынша оқушылардың хал-ахуалы жақсы, қобалжуы, алаңдаушылығы байқалмады.



4 а, ә, б сынып оқушыларының орта буынға көшетін бастауыш түлектерінің дайындық деңгейін анықтауда «Естесіңіздерме», «Мағыналы естесіңіздер», «Жалпылау», «Топтастыру», «Нақтылау», «Салыстыру», сөйлеу қабілетін дамыту, көріп және есту арқылы естесіңіздерді анықтауда бағытталған әдістемелер алынды. Зейінін, қабылдау ерекшелігін, танымдық процестерін дамытуда «Ретімен белгіле», «Байқағыштық», «Сөздерді тап», «Ұшбұрыштар», «Мюнстерберг» әдістемелер, «Кім екені тап?», «Карусель», «Сүйіспеншілік» ойын-жаттығу, тренингтер жүргізілді.

Оқушының отбасымен қарым-қатынасын анықтауда «Менің отбасым» тақырыбында суретті тест алынып, нәтижесінде отбасына деген сыйластық, сүйіспеншілік бар екендігі анықталды. «Өмір ғажап!» суретті тесте оқушының жан дүниесін байыту арқылы адамгершілікке жетелеуде жақсы қасиеттерін, айналасына деген сүйіспеншілігін, өмірге деген құштарлығын, өз таңдауымен отбасын, құрбы құрдастарын, табиғатты бейнелеуде өз ойларын сурет арқылы жақсы жағынан көрсетті. «Менің сыныбым»

тақырыбында әңгімелесу барысында оқушылардың сыныптағы оқушыларға деген көзқарасы жақсы жағынан анықталды.

5 сынып оқушыларының орта буынға бейімделуі

5-сынып оқушыларымен орта буынға бейімделуіне байланысты жыл бойы жұмыстар жүргізілді. «Менің сабақтағы көңіл күйім» суретті тест арқылы оқушылардың сабақтан кейінгі көңіл-күйлері қандай екені анықталды, «Менің сүйікті пәнім» пәнге деген қызығушылығын анықтау бойынша сауалнама алынды. Оқушылардың өздерінің ерекшеліктерін жағымды және жағымсыз мінез-құлық бітістерін тану «Кактус» әдістемесі арқылы анықталды. Оқушылар арасындағы қарым-қатынасты анықтау мақсатында «Менің сыныбым» атты суретті тест алынды. Ата-аналарға, пән мұғалімдеріне орта буынға бейімделуде оқушылардың бойында болатын ерекшеліктер туралы кеңестер берілді. «Алақай, мен 5 сыныпта оқимын» тренинг-сабақ өтті. Оқушылардың мектептегі мазасыздығын анықтау үшін «Филипстің тесті» алынды. Оқушылардың орта буынға деген бейімділігін, бір-бірімен қарым-қатынасын анықтау мақсатында «5 –сыныпта оқыған қызықты ма» сауалнамасы алынды. Оқушылардың жеке мінезін, қабілетін, ерекшелігін білу мақсатында «Психогеометриялық тест» алынды. «Аяқталмаған сөйлемдер әдістемесі арқылы» оқушылардың қарым-қатынасының және іс-әрекетінің әр түрлі аймағындағы қорқыныштарды анықтау бойынша диагностика жүргізілді. Қолайлы психологиялық климат орнату, тұлға аралық қатынастағы кедергілерді жою, коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруда «Мен және менің сыныбым» тақырыбында шығарма алынды. Оқушылардың үлгере алмай жүрген пәндерінен көмек, кеңестер беріліп, жекелей жұмыстар жүргізіліп отырды. Оқушылар пән мұғалімдерімен жақсы түсіністікте, дұрыс қарым-қатынаста бола алды. Мұғалімдердің берген тапсырмаларын түсініп, орындайды. Оқушыларда алаңдаушылық, өз-өздеріне деген сенімсіздік жоқ. Оқушылардың орта буынға деген бейімділігін, бір-бірімен қарым-қатынасын анықтау мақсатында «5 –сыныпта оқыған қызықты ма» сауалнамасы алынды. Оқушылардың жеке мінезін, қабілетін, ерекшелігін білу мақсатында «Психогеометриялық тест» алынды. «Аяқталмаған сөйлемдер әдістемесі арқылы» оқушылардың қарым-қатынасының және іс-әрекетінің әр түрлі аймағындағы қорқыныштарды анықтау бойынша диагностика жүргізілді. Қолайлы психологиялық климат орнату, тұлға аралық қатынастағы кедергілерді жою, коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруда «Мен және менің сыныбым» тақырыбында шығарма алынды. Оқушылардың үлгере алмай жүрген пәндерінен көмек, кеңестер беріліп, жекелей жұмыстар жүргізіліп отырды. Оқушылар пән мұғалімдерімен жақсы түсіністікте, дұрыс қарым-қатынаста бола алды. Мұғалімдердің берген тапсырмаларын түсініп, орындайды.

Оқушыларда аңдаушылық,




өз-өздеріне деген сенімсіздік жоқ.



9-10 сыныптармен жұмыс.

Жеке өмірге қадам басқан оқушы үшін мамандық таңдау мәселесі - ең маңызды кезең болып табылады. Оқушылардың өз бейімділіктері, қабілеттері мен мүмкіндіктері анықтап, болашақтағы білім алу бейімі мен мамандығын таңдау барысында дер кезінде психологиялық көмек көрсетілуі қажет.

9 сынып оқушыларымен мамандыққа икемділігі (Голланд әдісі бойынша), қызығушылықтар картасы «Мен қаладым» саралаушы – диагностикалық сұрақнамасы, «менің таңдауым» сауалнамасы жүргізілді. «Болашақ мамандық туралы қиялдайық» тренингі, «Менің таңдауым» сауалнамасы бойынша оқушылардың бағыт-бағдары анықталды: «Мен таңдаған жол» атты тренинг-сабақ өтіліп, оқушылар мамандық таңдаудағы өз ойлары нортаға айталды.




Оқушыларды ҰБТ –ға психологиялық даярлау жұмыстары
ҰБТ-ға оқушыларды психологиялық тұрғыда дайындау кезеңдері төмендегідей:

1. Оқу танымдық қабілеттерін түзете дамыту;
2. Шығармашылық – танымдық қабілеттерін дамыту;
3. Сенімділігін бойларына қондыру;
4. Психикалық күштерден (стресс пен қорқыныш) арылту

Оқушылардың қабілетін белгілі бір кәсіптік салаға бейімділігін анықтау, жоғарғы буында оқу бағдарын дұрыс таңдауға көмек беру «Сенің кәсібің ой - ниетің» атты кеңес берілді. Кім болатынын, алға қойатын мақсатын анықтап, жеке және кәсіби өзін-өзі табуына байланысты «Мамандық туралы хабарың» сауалнамасы алынды. Әр оқушы қандай мамандық иесі болатыны жайлы жазды. Ата-аналарға, оқушыларға кәсіби бағдар, кеңестер берілді. Адамның жеке тұлғааралық ерекшеліктеріне байланысты кәсіптік саладағы

мамандықтарға жақын екенін анықтау мақсатында Д.Голландтың тесті алынды. «Болашақ мамандық туралы армандайық» тренингі жүргізілді. Алға қойған мақсатқа жету үшін байқалатын табандылықты анықтау үшін «Табандылықты анықтау» сауалнамасын орындады. Мамандық тандауда жауапкершілікті қалыптастыру бойынша «Мен қаладым» сұрақнамасы алынды. Өзіндік бағасын нығайтуда, позитивті кері байланыс алу үшін «Маған сәт-сапар тілеңіз» тренингі ұйымдастырылды. ҰБТ тапсыратын және емтихан тапсыратын 11-сынып оқушыларымен жыл бойы әртүрлі жұмыстар жүргізілді. Өмірге көзқарастары, ҰБТ туралы, менің сүйікті пәнім, менің сүйікті ұстазым тақырыптарына сауалнамалар алынды.




Оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынасы, көңіл-күйі, мазасыздық деңгейі анықталып, мамандық түрін анықтауда әңгімелер жүргізіліп, кеңестер берілді. «Стресс саған қалай әсер етеді?», «Жабығу сәтіндегі мінез-құлқына баға беру» сауалнамалары алынып, нәтижесі бойынша жеке жұмыстар жүргізілді. «Болашақ мамандық туралы қиялдайық». «Сенімділік күш береді» тренинг-сабақтары жүргізіліп, «Аяқталмаған сөйлемдер» әдістемесі өтті. Оқушыларға жағымды фильмдер көрсетіліп, өмір туралы, өмірде кездесетін қиыншылықтарды жеңе және төзе білу керектігі айтылып, өз ойларын ортаға салды. Нәтижесі бойынша оқушылардың хал-ахуалы жақсы, қобалжуы, алаңдаушылығы байқалмады.

Мұғалімдерді психологиялық сүйемелдеу.

Ұстаздарды психологиялық қолдау мақсатында «Көңілі көтеріңкі ұстаздың еңбегі де жемісті» тақырыбында жобасы аясында «Осы біз қалай дем алып жүрміз» тақырыпта дөңгелек стол өткізілді, педагогтардың жаңа жағдайға дайындығына байланысты психологиялық бөгеттерді жеңуге, бір-бірімен, әкімшілік, ата-аналар, балалармен өзара дұрыс қарым-қатынасты дамытуға

мүмкіндік береді. Мектебіміздің ұстаздар ұжымымен жыл басында «Ұжымдағы психологиялық ахуалды анықтау» сауалнамасы алынды. Сонымен қатар мұғалімдерге «Сіз қандай мұғалімсіз», «Мұғалім оқушы көзімен» жаттығуы жүргізілді.

Ұжымдағы жас мамандардың бейімділігін анықтау мақсатында «Жарқын болашақ иесі-бүгінгі жас маман», «Жас келсе іске» тренингі өтті. «Мұғалімнің шыдамдылығы» тесті алынып, нәтижесі анықталды. Мұғалімдердің өзара қарым-қатынас деңгейі анықталып, әртүрлі тренингтер өткізілді. Мектебіміздің ұстаздар ұжымымен жыл басында «Ұжымдағы психологиялық ахуалды анықтау» сауалнамасы алынды.



Оқушыларға өмірді сүйуге, өмірді бағалай білуге, болашақтағы өмірлері өз қолдарында екенін одан әрі түсіндіру мақсатында 7-11 сынып оқушыларымен «Мен өмірді қалаймын» атты тақырыпта әңгіме өтті. Әңгімеге қатысқан оқушылар біз де алға қойған мақсаттарымызға жетуге тырысып, мәнді де, мағыналы өмір сүруіміз керек деп ой бөлісті.

Дарынды балалардың қабілеттері мен таланттарын жан – жақты аша түсу үшін дарындылық ерекшеліктерін анықтап, олардың шығармашылық қабілеттерін одан әрі ашып, қолдау көрсетіліп отырды. Оқушылардың ұжымдық ортамен қарым-қатынасы, ерік-жігері, зейіні, есте сақтауы, ойлауын арттыру мақсатында тренинг-сабақтар жүргізіліп, жеке тұлғаның дара ерекшеліктері дамытылды.

Оқушылардың интеллектуалдық даму деңгейін анықтау мақсатында «Равен» тесті алынып, нәтижесінде 90% жан -жақты жақсы деңгейде екендігі анықталды.

Мектепшілік есепте тұратын, қадағалауды қажет ететін балалармен жүргізілген жұмыстар

Биылғы оқу жылында да сынып оқушысы Нұртаев Сүндет мектепшілік есепке алынды. Оқушыдан «Өзін-өзі бағалау» тесті, оқу пәндеріне қызығушылығын анықтау сауалнамасы, қарым-қатынас деңгейін анықтау сауалнамалары алынып, нәтижесі анықталды.

Оқушыға жеке бақылау күнделігі арналып, құрылған іс-шара жоспары бойынша жұмыстар жүргізілді. Оқушының агрессия күйін диагностикалау мақсатында Э.Хорвард бойынша стресске төзімділік деңгейін анықтау мақсатында тест алынды.

Оқушының өзін-өзі бағалауы, қарым-қатынасы анықталып, «Мен және менің отбасым», «Өзіңді білуің адамгершілікке жетелейді» «Жеке мен тұжырымдамасы» тақырыбында тренингтер, әңгімелер жүргізіліп отырды. «Сіздің өзіңізге көңіліңіз тола ма» релаксациялық жаттығу орындалды. Мектеп әкімшілігі тарапынан, әлеуметтік педагог тарапынан ата-аналарымен бала тәрбиесі жөнінде жұмыстар жүргізілуде. Әлеуметтік педагог, сынып жетекшісі, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, мектеп психологі отбасына барып рейдтер жүргізіп тұрады. Әлеуметтік педагог тарапынан отбасының үйіне барып тұрмыс жағдайымен танысып, тұрғын үй актісі толтырылды. Үйлері жылы, ауласы, үйдің іші таза, жинақы екен. Алишердің мінезі ашық, кез-келген адамға сөйлеп, тіл табыса алады, бірақ тез ашуланады. Бірақ сабырсыз, мазасыз, агрессияға бейім, кекшіл, эмоцияға жылдам беріледі. Мінез-құлық ерекшеліктеріне байланысты холлерик типіне жатады. Ата-аналарымен «Отбасындағы қарым-қатынастың бала тәрбиесіндегі орны» тақырыбында ата-аналармен әңгіме өткізілді. Оқушының мінез-құлығындағы ерекшелігін диагностикалау тест арқылы алынды. Профилактикалық жеке жұмыстар жүргізілді. Жағымды мінез-құлық қалыптастыруға, ішкі қобалжу мен мазасыздық деңгейін бәсеңдетуге байланысты тренингтер, жаттығулар жасалды. «Мен өмірді сүйемін» тақырыбында эссе алынды. «Мен және менің отбасым» тақырыбында әңгіме жүргізілді. Психологтар тарапынан Алишермен «Қарым-қатынас кедергілері және кикілжіңнің алдын алу туралы», тұлғааралық қарым-қатынасты жақсартуға арналған тренинг-жаттығулар, эмоция мен ерік-жігерін анықтауға байланысты оқушының бойында стресс, агрессияны болдырмау жұмыстары жүргізілді.

Ата-аналарымен «Отбасындағы қарым-қатынастың бала тәрбиесіндегі орны» тақырыбында ата-аналармен әңгіме өткізілді. Оқушының мінез-құлығындағы ерекшелігін диагностикалау тест арқылы алынды. Профилактикалық жеке жұмыстар жүргізілді. Жағымды мінез-құлық қалыптастыруға, ішкі қобалжу мен мазасыздық деңгейін бәсеңдетуге байланысты тренингтер, жаттығулар жасалды. «Мен өмірді сүйемін» тақырыбында эссе алынды. «Мен және менің отбасым» тақырыбында әңгіме жүргізілді.


Инклюзив, үйден оқытуда, мектебімізден саулығына байланысты 7 оқушы үйден, ал 2 оқушы жеңілдетілген бағдарламамен оқытылады. Оқушыларға жеке бақылау күнделігі арналған. Оқушының сөздік – логикалық ойлауын бағалау үшін әдістеме алынды. Ата-анасына кеңестер беру жүргізіліп жүрді. Таным процестерін анықтау мақсатында

«Қисынсызықтар», «Мюнстерберг» алынды. Қарым-қатынас дағдыларын дамытуға, көріп және есте сақтау қабілетін дамытуға арналған жаттығулар жасалды. Зейінді тұрақтандыруға арналған «Ұқсастығын тауып сыз», «Сөйлемді аяқта» жаттығуларын орындады. Оқушылармен қарым-қатынас белсенділігін анықтау мақсатында тренинг-жаттығулар, сауалнама алынды. Нәтижесінде оқушының көңіл –күйі көтеріліп, жақсы қарым-қатынасқа түсе алады.



Жыныстық сипаттағы және зорлық-зомбылық бойынша жүргізілген жұмыс. Жиын 7-11 сыныптар арасындағы қыздармен өтілді. Жыныстық тиіспеушілікке қатысты кездесуді мектеп медбикесі жүргізді. Кездесуде мектеп медбикесі Сәрсекеева Ақбөпе жоғары сынып қыздарына жыныстық қатынасқа түспеуді, жүктілікке жол бермеу, жеке бас тазалығының ережелері, шаш, тырнақ, күтімін жайында ақпарат беріп, ұсыныстар айтып өтті. Ерте жыныстық қатынасқа түспеу, жүктілікке жол бермеу туралы қыздарға, ұлдарға кеңестер берілді. Мектептің медбике А. Сәрсекеева қыздар мен ұлдардың жеке бас тазалығының ережелерімен, шаш күтімі, тырнақ күтімін жайында түсіндірме жұмыстары туралы баяндама оқыды. Сынып жетекшілер сынып сағаттарында, қыздар жиналысында мектеп психологі Г. Қарабаева «Қызға қырық үйдентейі» тақырыбында баяндама оқылып, осы сөздерді ойларынан шығармауы туралы айтылды. Сонымен қатар қыздар ұйымының төрайымы Ақнұр Қасымбаева жетінші және он бірінші сынып қыздарна қыз баланың тәрбиесіне, әдебіне, қарым-

қатынасына байланысты түсіндіру жұмыстарын өткізді. Кездесу барысында барысында оқушыларға қыз баланың әдеби жайында сұрақтар қойылып, талданып өтілді. Сауалнаманың қорытындысы бойынша қыз балалар арасындағы жыныстық тиіспеушілікке қатысты орыналған жағдайлараның қалған жоқ



Келеңсіз жағдайдың алдын алу бойынша оқушылармен жүргізілген жұмыстар. Балалар қауіпсіздігінің алдын-алу, «Ата-ананың балаөміріне жауапкершілігі» тақырыбында ата-аналар жиналысы өтті. Балалар қауіпсіздігінің алдын-алу бойынша буллинг және кибербуллингтен қорғау мақсатында бейнероликтер әзірленіп көрсетілді. Балалардың бойындағы эмоционалдық қысымды төмендету жолдары арқылы «Бір-бірімізбен қарым-қатынас», «Сілкіп таста», «Әнмен бой сергіту» ойын-жаттығулар жүргізілді. 7-11 сынып оқушылармен «Келеңсіз жағдайлардың шығу себептері» тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Мақсаты: Жас өспірімдер арасында келеңсіз жағдайлардың алдын алу. 8-10 сынып ата-аналарына «Келеңсіз жағдайдың психологиялық ерекшеліктері мен себептері» тақырыбында слайдтар көрсетіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Келеңсіз жағдайдың алдын-алуда Басса-Дарки, А.Бектің сауалнамасы алынды.

Жағымсыз сайттарға кіретіні оқушылар жоқ екені анықталды. Директордың тәрби еісі жөніндегі орынбасары М.Ибрагимов мектеп психологі Г.Қарабаева оқушылармен тығыз байланыста болып, оқушыларға осы сайттар туралы адам психологиясына қандай зиянын тигізетіндігі туралы айтты. 7-11 сынып оқушылардың қарым-қатынас дағдыларын дамытуға арналған жаттығулар, салауатты өмір салтын қалыптастыру тақырыбында шағын лекция, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Буллинг, кибербуллингтің алдын

алуда 7-11 сыныптардан жасырын сауалнама алынды. Нәтижесінде қарым-қатынас жақсы деңгейде екендігі анықталды. Оқушылардың сенімділігін арттыруға арналған жаттығулар, видеолар және слайдтар 5-11 сыныптар арасында өткізілді. «Күйзелістен қалай құтылуға болады?» тақырыбында 7-11 сыныптар арасында әңгімелесу және видеолар көрсетілді. Сынып оқушылары позитивті көзқараста екендіктерін аша алды. 8-сынып оқушыларының көңіл-күйін анықтау мақсатында «Ағаш» тесті алынды. Оқушылардың салған ағаштарының бұтағы биік жоғары өрлеп өскен. Көңіл күйі төмен, ұнжырғасы түскен балалар анықталмады. Барлығының көңіл күйі көтеріңкі, белсенді. «Сіздің мінезіңіз қандай?» тақырыбында тренингтер өткізілді. «Мен өмірді қалаймын» тақырыбында 9-11 сынып оқушыларына слайдтар мен видеолар көрсетілді. Оқушылар өмір адам баласына бір-ақ рет берілетін қымбат сый екенін, өздерінің бойындағы жақсы қасиеттерін өмірде дұрыс көрсете білулері, өз өмірлері өздерінің қолдарында екендігін айтып, бір-бірімен ой бөлісті. Қиындық пен қуаныштың кезектесіп келіп отыратынын дұрыс түсініп, дер кезінде дұрыс шешім қабылдай білу керектігін айтылды.

8-11 сынып оқушылары арасында салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында әңгіме жүргізілді. Мектеп оқушыларына денсаулыққа зиянды әрекеттерден аулақ болуға, спортпен шұғылдануға, мектептегі спорттық үйірмелерге қатысуға сынып белсенділері әңгіме жүргізді. «Денсаулыққа зиян келтіретін» әдеттер тақырыбында 9-10 сыныптар арасында дөңгелек үстел өткізілді. Оқушылар нашакорлық адам өміріне аса қауіпті есірткілер адамның психикасына және мінез-құлқына әсер ететін зиянды заттарға толы екенін, оларды қолдану жасөспірімдердің мінез-құлықтарына кері әсер етіп, еліктіріп, бірте-бірте психикалық және денелік қажеттілігіне айналатынын түсінді. «Ашу ызамен не істеу керек?» тақырыбында тренингтер өткізілді.